

Әділ ДҮЙСЕНБЕК

10005
8972

"УШКН" **اۋچىق**
(искра)

"ЭНБЕК ТУИ" **اينان تۇۋى**
ЗНАКО ТРУДА

ӘКІБЕК КІШІ ҚАЗАҚ
"енбексь қазақ"

"ЭНБЭКШИЛ" **اينكويلىق**
≡ КАЗАҚ

Satsbiald6
QAZAQYSTAN



**СОЦИАЛИСТИК
ҚАЗАҚСТАН**

ЕГЕМЕНДІ
Қазақстан

ЕГЕМЕН
Қазақстан



85

**Қара
шаңырақ**

Әділ ДҮЙСЕНБЕК

Қара шаңырақ

85 

“Елорда”
Астана – 2004

821.512.122-94:070(574)

ББК 84 Қаз

Д 87

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Дүйсенбек Ә.

Д 87 Қара шаңырақ

Астана: Елорда, 2004. — 288 бет

ISBN 9965-06-377-X


Назарларыңызға ұсынылып отырған бұл жинақтың авторы — Әділ Дүйсенбек — 1969 жылдан бері “Егемен Қазақстанда” (бұрынғы “Социалистік Қазақстан”) тапжылмай еңбек етіп келе жатқан қаламгер. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. Бірнеше прозалық кітаптары жарық көрген. Олардың арасында республикалық конкурстарда жүлде алған шығармалары да бар.

Бұл жинақта автор редакцияда әр жылдары жұмыс істеген аға буын өкілдері мен жора-жолдастары жайлы сыр шертеді. Жанры жағынан көркем очерк-естелікке де, әңгіме-эссеге де келіңкірейтін бұл дүниелерді оқырмандар жылы қабылдайды деген үміттеміз.

Д $\frac{4702250200 - 315}{450(05) - 04}$

Handwritten mark

ББК 84 Қаз



ISBN 9965-06-377-X

© Дүйсенбек Ә., 2004

© “Елорда”, 2004

Бұл еңбегімді мен озімді жастайымнан қамқорлығына алып, әке орнына әке, шеше орнына шешедей болып тәрбиелен-осірген; отау құрып, түтін түтетіп, балалы-шағалы болуыма; ұлды ұядан ұшырып, қызды қияға қондырып, немерелер сүюіме себепші болған киелі де қасиетті қара шаңырақ — “Егемен Қазақстанда” (“Социалистік Қазақстан”) әр жылдары еңбек еткен әріптестеріме арнаймын. Өткенге — салауат, болашаққа — гибрат!

АВТОР

Нүрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

**“СІЗДЕР — ЕЛБАСЫНЫҢ ЕЛДЕГІ ҚҰЛАҒЫ МЕН
КӨЗІСІЗДЕР”**

Елбасының бұл сөзі осыдан он жыл бұрын “Егемен Қазақстанның” 75 жылдық мерейтойына байланысты редакция қызметкерлерін Алматыдағы резиденциясында қабылдау кезінде айтылған еді. Содан бері біз сан рет қайталап айтып та, жазып та жүрміз. Шынында да, басылым сонау 1919 жылдың 17 қарашасынан бері **“Қазақ жұртының билейтін өзгеріс һәм соғыс комитетінің атағынан жетісіне екі рет шығатын саяси, әдеби һәм шаруашылық газетасы”** (“Ұшқынның” бірінші нөміріндегі беташар сөз) ретінде жарық көріп, ел өміріндегі саяси және экономикалық өзгерістерді барынша шыншылдықпен көрсетіп келеді.

“Егеменнің” тарихы — ел тарихы. Оның әр нөмірінен өсіп-өркендеген, байлығы шалқып, мәдениеті гүлденген республикамыздың тыныс-тіршілігін білуге болады. Осылайша қазақ баспасөзінің қара шаңырағына айналған газетіміз әрқашан да халқымызбен бірге тыныстап, бірге өмір сүруде. Оны газетіміздің 1994 жылғы 27 желтоқсанда шыққан санында жарияланғанындай, Елбасының өзі де атап көрсетті.

“Егемен Қазақстан” газеті 75 жасқа келіп, үлкен бір өмір жолынан өтіп отыр, — деп бастады сол кездесуде сөзін Елбасы, Абай атындағы опера және балет театрында болған салтанатты жиынға уақыттың тығыздығынан қатыса алмадым. Алайда онда айтылған тілектер мен сөздердің бәрінен хабардармын. Аға газеттің тағылым аларлық өзіндік бай тарихы бар. Мұның бәрі сыр болып ақтарылды. Мерейтоймен құттықтаушылардың, жақын шетелдерден келген меймандардың көңіл шалқытар жақсы сөздері көп болды. Сол пікір-тілектерге мен де қосыламын. Бұдан былай да сіздерге шығармашылық табыс тілеймін, өздеріңіз және отбасыларыңыз аман-сау болсын.

Той болса да, мереке болса да реті келгенде елдегі жағдайды айту — менің міндетім. Әсіресе, Қазақстан баспасөзінің

қара шаңырағы — “Егемен Қазақстанның” жауынгерлерімен бұл жайында кеңірек әңгіме қозғағанымыз жөн шығар. Сіздермен кездесіп тұрамыз, бас редакторларыңызбен сұхбаттасып жүрміз, сіздердің проблемаларыңыз маған белгілі. Дегенмен сол қиыншылықтарды жеңу, газетке жазылудың жағдайы, жер-жердегі газеттердің ахуалы, барлығы да алдымен сіздердің өздеріңізге, басылымдарыңыздың жұртшылық алдындағы бедел-дәрежесіне байланысты.

Президент біздің идеологиямыз қандай, нендей жағдайда, қайтіп жұмыс істейміз, бүгінгі бет алысымыз қалай деген әңгімені алға тартты. Қазақстан халқының тағдырына ең алдымен жауап беретін Елбасының ой-пікірі, көзқарасы, толғанысы қалың жұртқа ақпарат құралдары арқылы жақсы мәлім. Біздің идеологиямыздың басты-басты бес-алты тармақтарын тарқата әңгімелеген Н.Назарбаев былай деді:

Қазір баяғы коммунистік кезеңдегі бәрін бір қатарға тұрғызып алып, бір шыбықпен айдайтын идеологияның ешкімге керегі жоқ. Басты мақсатымыз — Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігін баянды ету, оны ұрпақтарға жеткізу, мемлекетті нығайту. Идеологияның бірінші тармағы — осы. Ол үшін не істеліп жатыр? Мемлекетті нығайту, елді қиындықтан алып шығу, жеріміздің біртұтастығын сақтап қалу үшін қандай шаралар алынуда? Шекарамыздың бұзылмауы үшін, ең алдымен, сыртқы саясатта бекемдік, дипломатиялық қатынаста икемділік қажет. Екінші жағынан өзіміздің ішкі жағдайымызды тұрақтандыру да осыған жәрдемдеседі. Бұған Қарулы Күштерді нығайтуды, экономикалық жағынан қуатты етуді қосалық.

Тәуелсіздік жариялағанымызға үш жыл болды. Үш жыл деген сәбидің жасы. Мың жылға татитын осы үш жылдығымызды ұрпақтар сан ғасыр айтатын болады. Халық қырылғалы жатыр, аштан орудің алдында тұр деген сөздерді жазатын болдыңыздар. Ғұмырында болған он сегіз күндік тәуелсіздігін армяндар айтқалы 1500 жыл болды. Ал үш жылдық тәуелсіздігімізді жан-жағымыздан анталап, жұлып өкетемін деушілер бой көрсетіп тұрғанда мемлекет тізгінін ұстап, реформаны қиын жағдайда жүргізіп отырғанымызды жұртқа ұғындыруға болмас па? Артта қалған ауыр да жеңісті үш жылдығымыз біздер үшін аса қымбат. Лайым, ұзағынан сүйіндірсін!

Бізді бүгінде жер жүзі дербес ел деп танып отыр. Қазақ деген халық бар деп санасып отыр. Ата-бабамыздан бері

қарай қазақ — қазақ аталғалы мұндай болған жоқ. Бұрын-соңды қанша ханымыз, батырымыз болса да дәл мұндай шеңберде мемлекетіміз болған жоқ. Демек, тәуелсіздігімізді насихаттаудан артық қандай идеология керек? Соғыссыз, ың-шыңсыз, қан төгіспей, дербес мемлекет ретінде тәуелсіздікке қолымыздың жетіп отырғаны — сирек кездесетін құбылыс. Анау Палестина небәрі автономия алу үшін талай жыл күресіп келеді емес пе?! Басқа да мемлекеттер тәуелсіздік алу үшін қаншама жастарының, патриоттарының қанын төкті. Біздің азаттығымыз үшін ата-бабаларымыз өткен ғасырларда қисапсыз құрбан болды. Бәлкім, Алла тағала, әруақ қолдаған шығар, бірақ азаттығымыз аспаннан аяғы салбырап түсе қалды деу, әрине қиынсыз.

Біздің идеологиямыздың ең бірінші діңгегі — Тәуелсіздік. Ал оны сақтап қалу үшін модернизация жасау, Қазақстанда экономикалық және саяси реформа жүргізу қажет. “Қазіргі таңда қазақ қайда барады?”, “Еліміздің болашағы қандай?” деген сауалдарға жауап іздесек, айтатын сөз үш саладан тұрады. Біреулер баяғы өткен заманды көксем, малды жайлау мен қыстауға айдап, ру-руға, туыстық жікке бөлініп, ескі сұрлеумен жүрейік дейді. Бұл мүлде мүмкін емес. Олай ету елді орта ғасырға қайтадан кері сүйреп барумен тең. Біз ондай деңгейден өтіп кеттік, өсіп кеттік. Ол қойлектен аяқ-қолымыз сорайып шығып кетті. Ал біз дүние жүзіндегі оркениетті елдермен нық теңестіруге талпыныс жасауды мақсат етудеміз.

Екіншіден, кешегі социализм жақсы еді, қазір құрып барамыз. Бәрі қымбатшылық, жоқшылық, тапшылық деп зар еңіреушілер де жетіп-артылады. Онда кешегі аңаршылықтан, коллективтендіруден қырылған қазағымызды қалай ұмытамыз? Күні кеше ғана өткен бес арысымыздың тойын неге тойладық? Ондай болса, бәрін ұмытуға тура келер. Тың игереміз деген желеумен жеріміздің бәрін тоздырып, оңды-солды жыртып тастағанын, Аралдың тартылғанын, еліміздің атом бомбасының полигонына айналғанын, соның салдарынан жарты миллион халықтың ауруға шалдығып отырғанын ұмытып, кері жүріп, социализмге баруға бола ма?!

Бір кездегі үлкен держава, алып мемлекет күйреді. Басты қиыншылық сонда. Алып денесі, басы, қол-аяғы бар үлкен организм сияқты Кеңес мемлекеті күйреп қалған. Соның бір болшегі болып біз дербес мемлекетке айнал-

дық. Міне, сол сәттен бастап құрып кетпей, шашылып, бөлшектеніп, корінгенге жем болып кетпей, төрт-бес жылдың ішінде Қазақстанды өз алдына мемлекет ретінде таныта бастадық. Біз бастап, халық қостап, азаттықтың айдынына шыққан алып кемеге айнала бастадық. Түрлі ұлттың өкілі бар Қазақстанның ішіндегі жағдай аса күрделі еді. Абайламасақ, қанды қырғын, нағыз аласапыран болатын жер осында еді. Дәл Қазақстанның ішіндегі ахуалдай жағдай бұрынғы Кеңестер Одағынан бөлініп шыққан бірде-бір мемлекетте жоқ.

Ендеше, Қазақстанның жүретін жолы жалғыз. Өркениетті мемлекеттердің жолына түсіп, экономикалық реформа жасап, саяси жағынан, әлеуметтік жағынан елді қорғап, дүние жүзінің алдыңғы деңгейіндегі мемлекеттердің қатарына енуіміз керек. Ол үшін экономикалық шекарамыз ашық болуы керек. Саясатымыз айқын болуы тиіс. Ештеңені жасырмай, айқын пікірлі, жүзіміз жарқын, көңіліміз сергек жүруіміз қажет.

Демократиялық мемлекет нарық экономикасында өз жолын айқын таңдауы тиіс. Қазақстанның көп ұлтты мемлекет екені анық, тағдыр басқа салған соң өзге де ұлттармен тату-тәтті, ынтымақтастықта өмір сүруіміз керек. Өз жерімізде өзіміз азшылыққа айналып келгеніміз рас, бізді сондай жағдайға ұрындырды. Енді ғана санымыз артып санамыз өсіп, еңсе көтере бастадық. Ең көп ұлтты мемлекет болдық. Сондықтан ұлтаралық қарым-қатынасты сақтап, саяси ахуалды тұрақты қалпында ұстап ілгері жылжуымыз керек. Идеологияның бір дінгеі — осы.

Тағы бір айтатын мәселе — интеграция. Төңірегіміздегі Ресеймен, Қытаймен, Кіндік Азия мемлекеттерімен, әрірек көз салсақ, араб мемлекеттері бар, тіпті дүниежүзілік мемлекеттедің бәрімен де біз экономикалық жақсы қарым-қатынас орнатпай, солармен сауда-саттық жасамай, барымызды соларға сатып, жоғымызды солардан алмай, дамыған мемлекет бола алмаймыз. Жиырма бірінші ғасырда Америка секілді, Канада сияқты, Ресей сияқты алып мемлекеттердің өзі де жеке басы томаға-тұйық жан-жағын тас бітеп, шекарасын жауып отырып өркендей алмайды, дамымайды.

Сондықтан бар ойлайтынымыз — халықтың қамы. Еуразиялық одақ, басқа да ынтымақтастық шаралары, ең алдымен, өз мемлекетіміздің мүддесін ойлағандықтан ойластырылған шаралар. Елді, жерді сақтап қалу ниетінен

туған тірліктер. Өз ішімізде іріткі салып, бүйіректен сирақ шығарып, үй ішінен үй тіккісі келетіндерге қарсы жасалатын амал болмаушы ма еді халқымызда. Лапылдап келе жатқан өртке қарсы өрт қойып тоқтататын тәсіл бар емес пе?!

Сол себепті де, ең алдымен, тәуелсіздікті сақтап, оны әрі қарай нығайту үшін не істеу керек? 1991 жылы елдің бәрі ядролық қарудан азат болуы керек, осыдан құтылайық дегенде мен оны бермедім. Сонымен екі жыл өтті. Дүние жүзінің барлығының назарын Қазақстанға аудардым. Соны не үшін жасадым? Ол кепілдік алу үшін қажет еді. Қазақстанның шекарасына ешкім тимеуге, Қазақстанның жеріне ешкім қол сұқпауға, Қазақстанның тәуелсіздігін сыйлауға, егемендігін құрметтеуге ұлы мемлекеттерден кепілдік алу үшін үш жыл күрестік. Дүние жүзін шарлап жүргенде айтатын бірінші сөзім — сол, екінші сөзім — Қазақстанға инвестиция әперу.

Құдайға шүкір, жақында ғана Будапеште болғанда АҚШ сияқты үш елден кепілдік алдық. Олар шекараға қол сұқпау, тәуелсіздікке тиіспеу, экономикалық қысым жасамау жөнінде кепілдік берді. Егерде Қазақстанның шетіне біреу тие қалса, Біріккен Ұлттар ұйымы дереу шара қабылдайтын болды. Шығысымыздағы көршілермен де сондай мәмілеге келгеніміз белгілі. Қытайдың оқулықтарында шекараны әлі күнге дейін Балқаштың батыс жағына дейін біздікі деп көрсетіп келген еді. Енді олай жазуға дүние жүзінің алдында олардың хақысы жоқ. Бұл жөнінде Ли Пен екеуміздің қол қойған құжатымыз Біріккен Ұлттар ұйымында жатыр.

Ресеймен 1992 жылы 25 мамырда ынтымақтастық пен достық жөнінде қол қойылған құжат бар. Егер Қазақстанға біреу соқтығатын болса, Ресей қару-жарағымен бізге көмектеседі. Керісінше, біз де солай етеміз. Кіндік Азиядағы көршілермен жиі-жиі кездесіп, ынтымақтастықты, туыстығымызды дамытып келеміз. Мұның да Қазақстан үшін маңызы зор.

Өз ішіміздегі тыныштық ауадай қажет. Онсыз елімізде ешқандай өсу, өркендеу болмайды. Тағы бір негізгі мәселе — қазақ халқының өзінің ауыз бірлігі. Ол болмаса, біз әркімнің қанжығасында кетеміз. Егер қазіргі егемендігімізден айырылсақ, бұдан кейін мың жылда да Қазақстан тәуелсіз бола алмайды. Міне, осының барлығы қазақтың өз қолында тұр. Бұл ауызбіршілігімізге тікелей байланысты. Өз ішіміз ырың-жырың болып, рушылдыққа са-

лынып, арамызға жік түссе, ел бүлінеді, тыныштығымыз шайқалады, өзгеге жем боламыз. Сондықтан ағайын елдің арасындағы бірлікті ойлайық. Осы бағытта жанын сала жұмыс істейтін, ең алдымен, “Егемен Қазақстан” болуы керек. Осы мәселені назарда ұстаңыздар. Қазақстанның тәуелсіздігі күнінде сөйлеген сөзімде айттым. Жақында ғана өткен бес арысымыздың жүз жылдық мерейтойындағы еске алу кешінде де осындай біраз мәселені тілге тиек еттім. Соның ішінде қазақ идеологиясын да қамтыдым”.

Президент экономикалық реформа мәселелеріне тоқтала келіп, осы орайда газет алдындағы тұрған міндеттерді нұсқады.

“Нарықтың қиын тығырықтарынан шығу үшін не істеу керектігін, қандай жолмен жүру керек екендігін “Егемен Қазақстан” өзінің бетінде жан-жақты жаза білуі тиіс, — деді Елбасы. — Елдің жігерін жасытып, қорқытып-үркіте бергеннен гөрі отпелі кезеңнің қиындығынан тезірек шығудың жолдарын тауып, озық тәжірибені насихаттаған абзал.

Қазақстанда бәрі оңбай тұр, халықтың тұрмысы нашарлап барады деген жергілікті баспасөздегі пікірді Мәскеудегілер қазаққа егемендіктің керегі жоқ еді деген ойға дәлел ретінде пайдалануда. Қазақстанның қазіргі жағдайы қиындап кетті, өткенді ансайды, дербес тәуелсіз мемлекет болғысы келмейді, бұрынғыша өмір сүргісі келеді деген пікірді әдейі қалыптастыруға әрекеттенеді. Оны Ресей солай деп түсініп те жатыр. Президентіне берген қорытындыларының ішінде қазақтың өзіне егемендіктің керегі жоқ дегенге сайдырып талдау жасаушылар да жетерлік.

Сонда не, бабаларымыз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздігіміздің қадірін ұқпағанымыз ба? Небәрі екі-үш жылдың ішінде Қазақстанда өмірі болмаған үш мыңдай жаңа тауарлар шығарылды, екі мыңнан астам біріккен өндіріс орындары іске қосылды. Ауыл шаруашылығында да бірқатар жаңалықтар болды. Бұл салада үш жарым мың шағын кәсіпорын жұмыс істей бастады. Әрине, уақытша қиындықтардың бар екені түсінікті, ауыл еңбеккерлері ақшасын мезгілінде ала алмай жүр. Ауыл еңбеккерлері артық өнімдерін, малдарын сатуда. Басы артық малын айырбастамаса, сатпаса, не үшін ұстайды оны? Өсірген өнімін базарға апарып сатып қаржы жасап, өзіне керекті басқа затын алмаса, оның қажеті не?

Бағаның бәрін қоя бердік, өндіріске еркіндік бердік. Өніміңді шығарып сат та, ақшаңды ал, жағдайыңды түзе.

Ал республика бюджетінде қаржы тапшы. Бүгінгі таңда 10 миллиард теңге ақша берілмейті елге. Ал соның бір миллиард теңгесіне ғана үкімет жауап береді. Жыл аяғына дейін сол қаржы беріліп бітеді. Үкімет бюджетінен ақша алатын шығармашылық топ, мәдениет қызметкерлері, әскер, денсаулық сақтау және халық ағарту саласының қызметкерлері толық қамтамасыз етіледі. Одан басқаларына өз кәсіпорындары, шаруашылықтары жауапты.

Ондіріске еркіндік бердік — өнімді қайда сатқың келсе, сат дедік. Қай елге апарсаң да сат, қаржыңды тап, өндірісінді оркендет, елге жалақы бер деп отырмыз. Егер ол қолыңнан келмейтін болса, оған үкіметтің қандай кінәсі бар? Өмір ағымы ілгері жылжып, заман өзгеріп барады емес пе?!

15 желтоқсандағы Жоғарғы Кеңестің мәжілісінде үш мәселені алға тарттым. Осында кейбір топтар қостілділікті қайта-қайта көтеріп жүр. Сондықтан бұл мәселені парламент шешсін дедім. Депутаттар өз пікірін дауысқа салу арқылы білдірді. Қостілділік өтпеді. Мұны мен әлгі топтарға: мұндай өтпейтін нәрсені енді қоймаңдар, — деп кесіп айттым.

Жерді сату мәселесінің де өзекті екені белгілі. Бұл жөнінде халықтың ойы қандай екені түсінікті. Оны да халық қалаулылары шешіп берді. Үшінші мәселе — Қазақстанның мемлекеттілігі де дауысқа түсті. Бәрі де халықтың ойлағанындай шешілді. Ал осы жөнінде газеттер көрсетіп жазбады. Іскер адамдарды, кәсіпкерлерді, солардың озық тәжірибесін ұдайы жұртқа таратып отыру керек.

Еліміздің талай батырларын дәріптедік, олардың өмірін, тарихын жазғанымыз әрине дұрыс, тарихымызға әбден шөлдеп қалғанымыз белгілі. Енді бір сөт алға да көз салып, болашақтың мәселелеріне де назар аудару керек қой.

Қазіргі қиындықтан аман-есен шықсақ, реформаны аяқтасақ, сегіз-он жылда халқымыз мүлде басқаша болып шығады. Ұлтымыз жаңарып, ой тереңдеп, басқа қоңіл, басқа жүректі халық болып шығады. Өркениетті елдердегіше ой топшылайтын қазақ болып шығады. Менің алға қойып, атқарып жүрген жұмысым осыған бағытталған. Кейбір топтар қанша қарсыласса да ілгері сүйреп апара жатырмыз”.

Тіл мәселесіне қатысты ойын өрбіткен Нұрсұлтан Әбішұлы мынандай мысалдар келтірді:

“Соңғы екі-үш жылдың ішінде 1500 қазақ мектебі ашылды. Бір миллион 250 мың қазақтың баласы қазақ мектебіне барды. Ал 1987 жылы бұл көрсеткіш 35-ақ процент болатын. Қазақстандағы 2 миллион 500 мыңдай барлық ұлттың баласына қазақ тілінен дәріс беріле бастады. Бұрын бұл көрсеткіш 15 процент-ақ болатын. Қазір жоғары оқу орындарының қазақ тіліндегі факультеттерінде студенттердің 30 проценттейі мемлекеттік тілде оқытылатын болды. Ал 1987 жылы бұл көрсеткіш мүлдем аз болатын.

Төл теңгеміздің енгеніне де бір жылдан енді асты. Орыстың рублінде жүріп, өз саясатымызды жүргізуге ешқандай мүмкіндік болған жоқ: Ресейдің жолымен жүрдік, соның істегенін қайталап отырдық. Орыс ақшасымен жүргенде басқаша жағдай жасау мүмкін емес еді. Ақшаны беретін солар болды, эмиссияны белгілейтін де солар еді. Салық заңдары солардікі, реформаның жолдарын солар нұсқап отырды. Ақшаны бергісі келсе, беріп, бермесе, оздері білетін. Ондай жағдайда қалайша басқа саясат жүргізуге болатын еді?

Дегенмен теңгеміз енген бір жылдың ішінде инфляция деген нәле тоқтай қоймады. Былтырғы жылдың алғашқы айынан үстіміздегі жылдың бірінші айы аралығында инфляция 46 процент деңгейінде болды. Жыл ортасында ол 36 процент еді. Қазір 10 проценттен томендеді. Инфляция томендесе, ел ақшасын банкіге сала бастайды. Ойткені, тиімді өсім қосылып отырылады. Ал банкіге түскен ақшаны үкімет өндірісті қаржыландыруға жұмсайды. Өндірісте ақша болса, елге жұмыс табылады. Өнім көбейеді. Сондықтан жаңа үкіметтің адына менің қойып отырған міндетім — осы инфляцияны ауыздықтау. Келесі жылдың көктеміне қарай инфляцияны тым болмаса 5 процентке дейін түсіретін болсақ, бұл — бүкіл Қазақстанда өрлеу басталады да, өндіріс дами бастайды деген сөз. Биылғы жылдың ортасынан бері қарай біздің теңге долларға шаққанда тапжылмай тұрғанын неге айтпаймыз?! Демек, қазақстандықтардың қалтасындағы ақшасы азаймай, доллармен салыстырғанда тұрақтады деген сөз. Біздің теңгеге сенім күшейді. Қазір біздің теңгені Ресей де, Өзбекстан да, Қырғызстан да алғысы келеді. Себебі, Қазақстаннан теңгесіз ештеңені сатып алуға болмайды.

Қазір Қазақстанның мол алтын валюта қоры бар. Теңгені валютаға теңеп алып, инфляцияны томендету керек. Осы екі мәселені шешіп алмай тұрып, еш жақсылық

болмайды. Егер осы бағытта жүрсек, алдағы 1995 жыл үлкен бетбұрыс жылы болады.

Энергия көздерінің бағасын қоя бердік. Қуат көздері, жанармай бағасы өсті. Солар арқылы азық-түліктің бағасы өсті. Нан қымбаттады. Міне, бұлардың бағасын жібергеннен кейін халық ең ауыр қиындықтан өтті. Бұдан жаман қиындық, ауыртпалық болуы мүмкін емес. Халық осыған дейін шыдады. Енді біраз уақыттан кейін жағдай түзеле бастайды.

Ендігі жерде қатаң тәртіп, экономикадағы қатаң саясат ұстану қажет. Инфляцияны ауыздықтап, теңгеміздің бағасын көтеру керек.

Бүкіл елдің тарихын алып қарасак, тәуелсіздік алған мемлекеттер бағыты өзгерген соң алғашқы он жылда бәрі дағдарысқа ұшыраған, күйзелген. Сол он жылға шыдаған, тотеп берген мемлекеттер аяғынан тік тұрып кеткен. Міне, сол кезең біздің басымызда да бар.

Менің барлық мақсатым, ойлағаным — қазақ ұлтының болашағы, халқымыздың бірлігі, еліміздің ілгері дамып, өркендеуі. Бұдан басқа ой жоқ менде. Сондықтан қазақ ұлтының тыныс-тіршілігін көрсетіп жүрген, жаршысы болып отырған негізгі басылым, сол газеттің қызметкерлері болып жүрген сіздер де осы мақсат-мүддені жан-жақты көрсете біліңіздер.

Қазіргі кезең ешбір революциядан кем емес. Заман өзгеріп, аласапыран болған 1917 жылдың тоңкерісінен бірде-бір кем емес. Осындай аумалы-тоқпелі заманнан аман-есен шығып келе жатқанымызға тәубе дейік. Тәуелсіздігімізге, елдің тыныштығына нұқсан келтіретін топтарға батыл тойтарыс беріп, қаймықпай сынап жазу қажет. Осында “Казахская правда” дейтін жалғыз газет бар. Оның өзін жалғыз адам шығарады. Орыстар мен қазақтардың арасына от жағып, соғыстырайын деп отырғандардың кімдер екенін орыс тілінде ашық жазатын сол газет қана. Әлгіндей арандатушылармен батыл күресетін, кемшілігін аямай ашып жазатын, ел арасына іріткі салатындармен ашық күресетін газеттеріңіздің әрбір сөзі салмақты болсын.

Көші-қон мәселесіне байланысты айтарым. Қазақстаннан талай адам көшіп жатыр, талай білікті мамандар өз еліне кетіп жатыр. Бірақ олар біздегі қиындықтың салдарынан кетіп жатыр деуге болмас. Өзге жұрттың өкілдері тарихи ата жұртына жақындағысы келгендіктен кетіп жатыр. Әскери адамдардың біразы қоныс аударды. Курчатов қаласынан, Байқоңырдан, Сарыөзектен мыңдаған адам

қоныс аударды. Олардың бәрі уақытша жүргендер болатын...

Жан-жағын үлкен мемлекеттер қаумалап отырған республикамыз. Солардың бәрімен де тіл табысып, тату көршілікте өмір сүруіміз керек. Бізге тыныштық пен егемендікті сақтап қалудан маңызды ештеңе жоқ. Алдағы 15—20 жылда тәуелсіздігімізді нығайтып, белді бекем буып, дамыған, өркениетті елдер қатарына қосылып, басқалармен тең өмір сүруге ұмтылуымыз қажет.

Біздің мемлекеттілігіміз айқын. Қазақстан Республикасы деген айқын атымыздан қашпаймыз. Тіпті Қазақ Республикасы деп атауымыз керек еді, — деп сөзін аяқтай келе, Президент:

— Сіздер — Елбасының елдегі құлағы мен көзісіздер”, — деп аманат жүгін арқалатты.

* * *

Газеттің сол кездегі бас редакторы Нұрлан Оразалин қымбат уақытын бөліп, редакция қызметкерлерімен әңгімелескені үшін Елбасына алғыс айтты.

ҰСТАЗДАРЫМ ҰСТАЗ ТҮТҚАН

Мен “Социалистік Қазақстанның” откендегі тарихын еске алсам, озім алғаш сол жерге қызметке келген кездегі бас редакторымыз Кеңес Үсебаевтың кескін-келбетін де бірден көзге елестетем. Сырт бейнесі сұсты, тым ресми, бос сойлеп, жеңіл әзіл айтпақ түгілі, езу тартып күлу дегенді білмейтін шығар деп ойлайтын бұл басшымызбен рас, мен тым жақын жұмыс істестім, етене жақын едім деп мақтана алмаймын. Олай болмақ түгілі, аптасына бір рет отіп тұратын летучканың (лездеме) озінде де көзіне көрінбегуге тырысып, бөлім менгерушілері мен замзавотделдердің (аға әдеби қызметкер Тәжібай Битаев ағамыздың шығарған аты) арт жағында бұғып отыратынбыз. Әйтсе де бір-екі айдың ішінде-ақ бас редакторымыздың біраз сырына қапыққандай болдым...

Ол кезде редакция үйі бұрынғы Совет (казіргі Қазыбек би) кошесі мен Фурманов кошесінің қиылысындағы бес кабатты қызыл үйде-тұғын. Кейін ортөніп кеткен бұл ғимаратқа кімдер келіп, кімдер кетпеген десеңізші! Әсіресе, қызметкерлері ше! Кілең егде тартқан — жасамыс кісілер еді. Қысы-жазы мойындарынан тастамайтын шокпардай галстуктерін айтпағанда, үстеріндегі қап-қара көстүмдерін де шешпейтін олар “біз ЦК-ның органы “СҚ”-данбыз” деп шірөнгенде кез келген адам түгіл обкомның секретарларының озін селк еткізерліктей сесті де беделді болып көрінетін. Араларындағы бірді-скілі жастары да сол ағаларына еліктеп, жалдарын күдірейтіп жүретін. Университетті бізден біраз жыл бұрынырақ бітіріп, қара шаңырақтың қасиетін сезіне бастаған Нәмет Келімбетов, Уақап Қыдырханов, Тәжібай Битаев, Шәкізат Дөрмеғамбетов, Елемес Салихов, Балта Исаев, Ғалымжан Қаллемов, Өмірәлі Нұрғисаев, Берікбай Сағындықов сияқты әріптестерім редакция ішіне кірісімен-ақ өзгеріп сала беретін. Әншейіндегі ашық-жарқын мінездерінен айырылып, дәлізде кездесіп қалса, кекірейіп, көп сойлеспей, кейде бас изеп қана отіп бара жатқанын көріп, “япыр-ау, мыналар шынымен солар ма” дегендей, ауыз ашып қала беретімін. Сойтсем, кейін түсіндім, олар-

дың бәрі өздерінің жасы үлкен ағалары — бас редакторға еліктейді екен ғой.

Бас редакторымыз Кеңесбай Үсебаев, иманы өзіне серік болсын, үйінде қайдам, қызметте катал, артық-ауыс сөйлемейтін, үнемі тұнжырап, қабағын түйіп жүретін (әлде маған солай көріне ме) жан-тұғын. Лездемелерде де үш-төрт минуттан артық сөйлегенін байқаған емеспін. Тым ресми томаға-тұйық бұл кісіні мен кейде сол кездері әр болме мен дәліздің төрінде қыстырулы тұратын партияның орталық комитеті сая-си бюросының мүшелері мен мүшелікке кандидаттары арасынан да іздестіргендей әсерде болушы едім. Шаш қойысы, киім киісі, көз қарасы құдды сол косемдердің көшірмесіндей Кеңекеннің шығармашылығын қайдам, ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі өте күшті болатын. Жоғары жақтан түскен нұсқауларды бөлім меңгерушілеріне қысқа да нұсқа түсіндіріп, соның орындалуын өзі қалағалап отыратын.

Бөлім меңгерушілері демекші, ол кезде редакцияның бөлім бастықтарының беделі орталық комитеттің бөлім меңгерушілерінің беделінен бірде-бір кем емес еді десем, мүмкін асыра айтқандығым болар. Әйтсе де үгіт-насихат және партия тұрмысы бөлімдері бастықтарының облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшыларымен телефон арқылы тікелей сөйлесіп, кейбір мәселелер жөнінде ақылдасып жатқанына — талай рет куә болғаным бар. Оның үстіне редколлегия мүшелерінің бәрі Орталық Комитеттің секретариатында бекітілетін. Міне, осындай беделді де білікті бөлім меңгерушілерін іріктеп ала білген Кеңекен оларға жұмыс та істететін, сонымен бірге кең құқық та беріп қойған. Олар қызметкерлерін өздері таңдап, өздері қабылдап, жұмыстан өздері босата ала алатын.

Сондай білікті де білімді бөлім меңгерушілердің бірі Хайдекең — Хайдар Баймұхамбетов ағамыз мен әскерден келгелі бері (1964 жылы, бізді, КазГУ-дің төртінші курсының бір топ студентін міндетті борышымызды өтеу үшін армия қатарына алып кеткен болатын, содан араға үш жыл салып, 1968 жылы оралып, оқуымызды одан әрі жалғастырып жатқан едік) қамқорлығына алып, ара-тұра тапсырмалар да беріп тұрушы еді. Университеттің соңғы курсына көшкенімізде диплом жұмысын жазу үшін деп тағы бір жыл текке сандалтып қойғанын білетін ағамыз бірде:

— Әй, сен қарап жүрме, біздің бөлімге атсалысып тұр, жазғандарың жарап жатса газетке ұсынамыз, сойте-сойте төселіп кетесің, — деген еді.

Ағаның айтқанын екі етпейтін мен қысқа хабарларды бірінен соң бірін тоғытып, кейін ептеп хат қорытатындай дәрежегеде жарап қалған болатынмын. Сонан қасиетті наурыз мерекесінің қарсаңында Хайдекең ойда жоқта:

— Мен сені бөлімге алуға ұсынам, арызыңды жаз, — демесі бар емес пе.

— Ой, аға мен әлі дипломымды алған жоқпын ғой...

— Ештеңе етпейді, — деді ағамыз мейірлене күліп, — енді екі-үш айдан кейін алмайсың ба ол қатырма қағазыңды, айтпақшы арызыңда “университетті бітіруіме байланысты” деп ашып көрсет.

Дәл осы кезде есіктен хатшы келіншек Халида көрініп:

— Сізді редактор шақырып жатыр, — деп қалды.

Хайдекең орнынан көтеріле берген кезде, мен де лып етіп қарсы жақта отырған Өмірәлінің жанына барып:

— Өмеке, өтінішті қалай жазушы еді, көмектесіп жібермейсіз бе? — дедім.

— Айтты ғой енді, — деді Өмірәлі әрең дегенде тіл қатып, — университетті бітіргеннен кейін деп... солай деп жаз...

— Ол жағын ұқтым ғой, — дедім мен де Өмекеңнің онша ұнатпай отырғанын сезіп, — бас жағын қалай бастасам екен?

Өмекең бір сәтке сазарып отырды да, алдында жатқан “Социалистік Қазақстан” газетінің бірінші бетіндегі фирмасын қаламымен айналдыра сызып:

— Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және Министрлер Советінің органы “Социалистік Қазақстан” газетінің редакторы К. Үсебаев жолдасқа дейсің де, жаңағы айтқандарды жазасың, — деді, сөйтті де әңгіме бітті дегендей, “Советский спорт” газетінен күнжыңдап бірдеңкелерді көшіре бастады.

Мен де бала емеспін, біраз нәрсені көріп қалған пәлемін ғой. Өтінішімнің бас жағын Өмекең айтқандай етіп бастағаныммен, себебіне келгенде “университетті бітіргеннен кейін” демей “бітіруіме байланысты” деп жазып, Хайдекеңнің үстелінің үстіне қоя қойдым.

Сүт пісірім уақыттан кейін келген ағамыз алдындағы қағазды ары-бері төңкерістіріп біраз қарап отырды да, екі-үш жолын сызып тастап өзіме ұсынды:

— Мә, қайта көшіріп жаз!

Қарасам, “Қазақстан Компартиясынан бастап “органы” деген жерге дейін сызып тастап, “Социалистік Қазақ-

стан” газеті дегенін ғана қалдырыпты. Өмекең ағам сызып тастаған сөздерді әдейі жаздырды ма, әлде білмей жаздырды ма, білмеймін, Хайдекең әйтеуір, сол қимылымен “СҚ”-ның түбі “ЕҚ” болатынын сол кезде-ақ сезгендей болып көрінеді дәл қазір маған.

Өтінішті таза қағазға көшіріп, Хайдекеңнің алдына қайта келдім. Ағам оны тағы да бір қарап шықты да:

— Ал, бала Аллана сыйына бер, — деді сөзін жұмбақтап. — Алда үлкен сын тұр. Кеңекең бұл арызың мен жеке ісінді танысып-білу үшін редколлегия мүшелеріне жіберетін болады. Олардың әрқайсысы бір-бір редактор, өзінмен жеке-жеке сөйлесулері мүмкін, байқа, ши шығарып алып жүрме, біреуі “қарсымын” деп қол қойса-ақ, жағдайымыз қиындап кетуі кәдік.

Айтқандай-ақ, Кеңекеңнің өзін қоспағанда редколлегияның алты мүшесі — Сапаржан Хайдаров (редактордың орынбасары), Нұрғазы Шәкеев (жауапты хатшы), Мағауия Машақов (үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі), Бекділда Абдуллин (партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі), Есет Әукебаев (әдебиет бөлімінің меңгерушісі) және Пернебек Бейсенов (совет құрылысы бөлімінің меңгерушісі) менімен жеке-жеке сөйлесіп, өмірбаяным мен шығармашылығымға қатысты біраз жәйға қанықты. Хайдекең алдын ала айтып қойған ба, қайдам, көп қинаған жоқ, бәрі де оң қабақ көрсетіп, қолдарын қойып берді.

“Шикілік” бас редактордың алдына барғанымда байқалды. Арада апта өтпей жатып, Хайдекең есік жақтағы суретші һәм ретушер Жанұзақтың үстеліне жапсарластыра қойдырып берген шағын тумбочкамның үстіне үйден жазып, қорытып әкелген материалдарымды реттеп отырғанымда Халида есіктен басын сұғып:

— Сені редактор шақырады, — деді.

— Кімді? — Сасқалақтап даусым дірілдеп шықты. — Мені ме?

— Иә, сені.

Не істерімді білмей, іштегі жігіттерге жаутандай қарарым. Хайдекең жоқ болатын, Өмірәлі ештеңе естіп білмегендей, құнжындап орталық газеттерден бірденкелер көшіріп жатты, Жанұзақ қолына қырғышын ұстаған күйі маған қарап қатып қалыпты.

— Бар, — деді ол бір кезде есін жиғандай езу тартып, — қорықпа, мүмкін өзі де әңгімелесейін деген шығар...

Қорыққанда не істейін, тізем қалтырамаса да жүрегім атқақтап, қабылдау бөлмесіне келдім. Халида ханум “кіре бер” дегендей Кеңекеннің есігіне қарай иегін көтерді.

— Сәлематсыз ба, мені шақырған екенсіз, — дедім кабинеттің орта тұсына жете бергенімде еңтігімді басып.

— Редакциядан кімді танысың? — деді Кеңекен сол отырған калпын бұзбастан.

Құдай аузыма салды ма, қайдам:

— Қыдырбекұлын! — деп қалт тұра қалдым, алғаш қол алысып амандасатын шығармыз деп ойлаған едім, бірақ бастығым ондай ниет білдіре қоймаған соң, мен де одан әрі аттап баса алмадым.

— Жарайды. Бара бер!..

Есіктен қалай шығып, орныма қалай келіп отырғанымды білмеймін. Әйтсе де бастығымнан естіген әлгі сөзді осы уақытқа дейін ұмытпаймын. Кеңекеннің алды кең дегенді қоне қызметкерлерден көп еститінмін. Обалы нешік, ешкімнің сыртынан ғайбат сөз айта қоймайтын. Қайта “тұрашыл, ешкімге бұрмайды, жұмысына адал”, — деп мақтап жүретін. Қанша жаманшылыққа қимағаныммен, бастығымның бұл жолғы қарекетін қалай бағаларымды білмей, іштен тындым. Неге шақырды? Түрімді қору үшін бе? Соңғы апталардағы өндірістік жиналыстарда көріп жүр емес пе? Әлде әңгімелесіп, сыр тарту үшін бе? Онда неге жөндеп сөйлеспеді? Баласыңды ма екен? “Бара бері” несі? Жұмысқа алмаймын, боссың дегені ме? Осындай сұрақтар жан-жақтан анталап, біреуіне де жарытымды жауап таба алмай басым қатып отырғанымда, есіктен жарқ етіп Хайдар ағам кіріп келе жатты емес пе? Әкем тіріліп келгендей қуанып, орнымнан атып тұрдым.

— Не ғып құтың қашып отыр? — деді ағам қолымды алып.

Асығыс-үсігіс басымнан өткен жәйтті баяндап шықтым.

— Дәл осылай болды ма?

— Иә, дәл солай.

— Қыдырбекұлы шын жақын ағаң ба?

— Е, жоғ-а...

— Онда неге соның ғана фамилиясын айттың?

— Белгілі жазушы ғой, оны елдің бәрі таниды емес пе?..

— Баламысың деген, — деді Хайдекең өзінен-өзі кейіп, — әй, жазушы керек болса, отыр емес пе, анау Есет деген ақын мүйізі қарағайдай, әдебиет бөлімін басқарып, соның

атын неге айтпайсың? Жерлес керек болса, Әбдеш бар емес пе Жамбыл жақтан келген...

Бұрқан-тарқан болып ашуланған ағамыз сол қалпы болмеден шығып кетті де, сүт пісірім уақыттан кейін қайтып кірді. Жәутендеп бетіне қарадым бірдеңке дер ме екен деп. Жок, сыр бермеді. Дегенмен бағанағыдай емес, ашуы сол-нөл басылған сияқты. Қағаздарын ары-бері араластырып, бірдеңе жазған болды. Артынша оларды сызып тастады да, қағазды ортасынан қақ бөліп, себетке тастай салды. Сойтіп мырс етіп күлген болды да бағанағы “баламысың” деген сөзді тағы бір қайталады. Ағамның бұл жолғы “баламысыңы” алдындағысына қарағанда әлдеқайда жұмсақтау шықты, соған қарап жүрегім орнына түскендей күй кештім.

Кеңекен мен Хайдекеңнің арасында қандай әңгіме болғанын қайдам, арада біраз күн өткен соң редакция меңгерушісі Махаң (Мағзұм Кошекөв) бөлмемізге кіріп-шығып жүріп, оңашалау қалған кезімде “Кеңекен қол қойды” деп құлағыма сыбыр ете түсті. Жүрек тұсым шым ете қалды. Осылайша, Кеңекен 1969 жылы 27 наурыз күні мені бір айлық сынақ мерзімімен кіші әдеби қызметкер етіп қабылдау жөніндегі бұйрыққа қол қойды...

Қайран, Кеңекен! Шынында да алдыңыз кең еді ғой. Қабағы ашылмайтын, тым қатал көрінгенімен, жүрегі ашық-жарқын, адамдарға жақсылық жасауға бейім тұратын. Жастайынан жетім өскен ол интернатта тәрбиеленген көрінеді. Өмір тауқыметі тез есейтіп, еңбекке ерте араластырған. Шыны керек, алғашқы жылдары мен, ол кісінің қай оңірден екенін де білген емеспін. Біреулер Алматы облысынан десе, біреулер Қызылорданың қазағы екен дейтін. Тіпті Қарағанды мен Ақмола оңіріне жатқызушылар да кездесетін. Сойтсем, Кеңекенге бұл айтылған аймақтың бәрі туған жеріндегі ыстық та қасиетті екен ғой. Сондықтан да болар, редакцияда Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған, мінездері жағынан сан түрлі, бірақ барлығының мақсат-мүддесі бір, ол — тек бас басылымды Орталық Комитеттегі басшылар қойып отырған талапқа сай шығаруға бағытталған еді.

Еңбек жолын 1934 жылы Қызылорда қаласындағы жетіжылдық мектепті бітіріп, мұғалімдіктен бастаған Кеңекен жазуды осы оқу орнында жүріп серік етсе керек. Аудандық, облыстық газеттерде түрлі тақырыпта мақалалары шығып, халық арасында журналист ретінде таныла

бастайды. Соiтiп келесi жылы Қармақшы аудандық “Қызыл ту” газетiне қызметке шақырылады. Бiрақ бұл жерде де көп iстей қоймайды. Алматыдағы Коммунистiк қазақ журналистiккасы институтына түсiп, оны 1938 жылы ойдағыдай бiтiрiп шығады. Жолдама Қарағандыға берiледi. “Советтiк Қарағанды” газетiне қатардағы тiлшi болып орналасқан Кеңекең кейiн бөлiм меңгерушiсi, жауапты хатшы, редактордың орынбасары болып жоғарылатылады.

1946 жылы Кеңекең Мәскеудегi жоғары партия мектебiне жiберiледi. Оқу бiтiре салысымен Ақмола облыстық газетiн басқарады. 1953—55 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесi жанындағы радиохабарлар жөнiндегi комитет торағасы, ал 1955 жылдан 1959 жылға дейiн “Социалистiк Қазақстан” газетi редакторының орынбасары қызметiн атқарды.

Бас газеттiң бас редакторының орынбасарлығынан Кеңекең ҚКСР Министрлер Кеңесi жанындағы информациялық агенттiк (ҚазТАГ) директоры болып осiп кетедi де, екi жылдан соң өзiнiң “Социалистiк Қазақстанына” бас редактор болып келедi. Менi қызметке алатын жылы ол кiсiнiң бұл орында отырғанына тоғыз жылдан асып қалған екен. Арада екi ай өткен соң ол тағы да басқа қызметке — Қазақ КСР Министрлер Кеңесi жанындағы теледидар және радио хабарлары жөнiндегi комитет торағалығына ауысып кеттi.

Әйтсе де қызметтес болған осы қысқа мерзiмнiң iшiнде мен Кеңекеңнiң көптеген жақсы қасиеттерiн көрiп, байқап қалғандай болдым десем артық айтқандық болмас. Жүрiс-тұрысы, киiм киiсi, адамдармен сөйлесу мәнерi тек өзiне тән тектiлiкпен және парасаттылықпен ерекшеленушi едi. Бiреуге дауыс көтерiп зекiгенiн көрген емеспiз. Шығармашылықпен дендеп айналысуға көп уақыты бола бермейтiн. Бiрақ бас мақалаларды дер кезiнде жазып беретiн. Жазуы (почеркi) сол кездегi зиялылардың әрiп таңбалауларына сай iрi де анық болатын. Үйден жазып әкелiп, машинисткалардың iшiнен Халима, Бибiш апайларға ғана бастыратын.

Кеңекең соңғы қызметi — Қазтелерадиокомитетте бесалты жылдай iстеп құрметтi демалысқа шықты. Тәжiрибелi журналист, бiлгiр басшы, ұтқыр ұйымдастырушы Кеңесбай Үсебаев қайда, кiм болып iстесе де еңбек сүйгiштiгiмен, өзiне де, өзгеге де талап қойғыштығымен, принципшiлдiгiмен көзге түсе бiлдi. Ол бiрнеше рет Қазақстан Ком-

партиясы Орталық комитетінің мүшесі, Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланды. Қазақстан Журналистер одағы басқармасының торағасы болды. Елге сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, “Еңбек Қызыл Ту”, “Құрмет белгісі” ордендерімен наградталды. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағын алды.

...Бірде Алматыда Шевченко көшесінің бойымен жүретін №4 трамваймен келе жатқам. Абылай хан даңғылындағы аялдамадан бір топ адам кірді де, орта бойлы толықша келген кісі алдыңғы жақтағы бос орынға барып отыра кетті. Сол кісі ме, әлде басқа ма? Есікке қарай жүріп барып, қайта қарадым. Дәл өзі — Кенекең. Бұл кезде ол кісінің зейнетке шыққанына біраз жыл болып қалған. Әсте ем қабылдап жүрсе керек. Сол аялдама тұсында поликлиника бар-тұғын. Содан шыққан болар деп ойладым. Санама “Ұмытып қалған жоқ па екен” деген күдік кіріп, кібіртктеп тұрдым да, “танымаса танымас, үлкен кісіге сәлем беру парыз ғой”, — деп жанына барып, амандастым. Жоқ, бірден таныды.

— Иә, халің қалай? — деді ағамыз қолымды алып.

— Жігіттер аман-есен бе?

— Бәрі жақсы, Кеңеке, өз денсаулығыңыз қалай?

— По стариковский, — деді де орнынан көтерілді, әсте түсетін аялдмасына жақындап қалған болар, сойтті де трамвай тоқтай берген тұста — осы, сені жақында редколлегия мүшесі болды деп естідім бе? — деп бетіме күле қарады.

— Иә, Кеңеке, — таңданғаннан аузымды ашып тұрып қалыппын, себебі соның алдында ғана мені Орталық Комитеттің секретариатында редколлегия мүшесі етіп бекіткен болатын. Демек бұрынғы бастығымыз бізді (бір кездері өзі қызметке қабылдаған жастарды) ұмытпақ түгілі, жағдайды сырттай бақылап, біліп те жүретін болғаны ғой.

Бұл Кеңекенді ең соңғы көруім екен. Трамвайдан түскен ол жайлап басып, Төлебаев көшесіне қарай аяндап кетіп бара жатты. Бөленше жыл басшы қызметтерде болып, сандаған шәкірттер тәрбиелеп өсірген ағайымыз барар жеріне сол шәкірттерінің біреуінен жеңіл көлік сұрап алып жетуіне де болар еді ғой. Жоқ, ол кісі ондайға бармайды. Ешкімге салмақ салғысы келмейді. Қарапайым қалпымен қалған.

Шәкірттері демекші, Кеңекен 1995 жылы 12 желтоқсанда сексен екі жасқа қараған шағында қайтыс болды. Сонда “Егемен Қазақстанда” жарияланған қазанамалардың арасынан менің ұстаздарым — Хайдар Баймұхамбетовтың,

Пернебек Бейсеновтің, Бақытжан Жиенғалидың, Қабі Мыңжановтың, Орақ Смағұловтың және Нұрғазы Шәкеевтің “Бәріміздің ұстазымыз еді” деген лебіздері де жарияланды. Олар Кеңесбай Үсебаевпен ұзақ жыл бірге істегендерін, өздеріне ұстаз тұтатынын айта келіп: “Кенекең табиғатынан таза, адамгершілігі өте жоғары, принципіл азамат болатын. Партияның Орталық Комитеті аппаратында қызмет істеуге әркім таныстарын салып жүретін сол бір шақта Кеңекең Орталық Комитеттен беделді бір басшы телефон соғып: “Сіздің балаңызды аппаратқа қызметке алмақпыз. Қалай қарайсыз?” — деп сұрағанда, бұл кісінін: “Баламның аздап жұтатыны бар еді. Сіздерді ұятқа қалдырар. Алмағандарыңыз дұрыс”, — деген шыншылдығы — өмірде өте сирек кездесетін асыл қасиет”, — деп еске алады.

Міне, менің ұстаздарымның өзі өздеріне ұстаз тұтқан Кенекең осындай жан еді.

ЕКІ МАЙДАННЫҢ ЕРІ

Біз алғаш журналистикаға келгенде еліміздегі екі газеттің бірі күн аралата тақырыпқа шығарып, яки айдар ретінде пайдаланып, айқайлатып жататын осы тіркес соңғы кездері ауызға алынбақ түгілі, ұмытыла бастаған да сыңайлы. Ой, заман-ай десенізіші! Жаңалық ашу дегеніміз бұрынғы ұмытылып кеткен конені жаңарту демекші, кезінде айтыла-айтыла ауыз көпіріп, жазыла-жазыла жауыр болып кеткен бұл тіркесті тақырыпқа шығара келіп, “Егеменде” еңбек еткендер арасында дәл осындай құрметке шынында да, кімдер лайық еді деген сұрақ туындайтын болса, мен сонау алпысыншы жылдары бізбен қатар жүріп қызмет еткен газеттің бөлім меңгерушілері Есет Әукебаев пен Қабі Мыңжановты, Әбдібек Нұрмағамбетов пен Бекдолла Абдуллинді, Ғайыс Егембердиевті, корректор Орынбай Асылбеков пен кадр бөлімінің бастығы Мағзұм Кошекков ағаларымыздың аттарын айтар едім. Рас, оның алдында біраз майдангерлер жұмыс істегені мәлім. Бірақ, бірі өсіп, бірі ауысып басқа жаққа кетіп қалған ол ағаларымызбен мен қызметтес болып үлгере алмадым.

...Қызметке орналасқанымға бір-екі жылдай болып калса да, әлі де проблема көтеріп, сын материалдар жазу жағына келгенде шорқақтаутұғынмын. Оны өзім де байқай-

тынмын. Байқағанда не істеймін? Хабар бөлімінің аясы тарлау. Көлемді деген материалдардың өзі екі жүз жолдан аспайды. Бірде сол өзімізге тиісті хабар-ошарларды қорытып отыр едім, ішке Қаби аға (біз ол кісіні үнемі осылай атайтынбыз) кіре қалғаны.

— Әй, Хайдар, мына бала өстіп майда-шүйде дүниелермен отыра бере ме? — деді ол бөлім меңгерушім Баймұхамбетовке қарап.

— Бөліміміздің характері солай болса қайт дейсің? — деді Хайдекең көзәйнегін түзулеп. — Нешеуә, төселіп келеді, хабарларды қатырып қорытады, қол тигізбей жіберіп жүрмін.

— Басқа салада да байқап көру керек қой, сен бұл баланы маған бер.

— Оу, Қабеке, бөлімде тек екеуміз ғана ғой, ана Өмірәлі спорттан басқаға аттап баспайды.

— Анда-санда жұмсап тұруға деймін де.

— Е, оның жөні бөлек қой, — деді Хайдекең пейілденіп. — Жас емес пе, шаршап-шалдығып қалмас, жазғаны өзіне жақсы, тапсырма беріп тұрыңыз.

— Онда келістік, — Қабекең Хайдекеңе риза болғандай басын изеді, сонан соң мен жаққа қарап: — қолын босаған соң маған келерсің, — деді де шығып кетті.

Жарты сағаттан соң ағаның кабинетіне кірдім.

— Мәселе былай, — деді Қабекең алдындағы папкісінен бір парақ қағаз алып. — Біздің өнеркәсіп және транспорт бөлімі осы тоқсанға арнап “Главзападстрой” басқармасының жұмысын көрсету туралы “Социалистік Қазақстанның” көшпелі редакциясын жоспарлаған еді. Соны жазуға сені жұмсағалы отырмын. Өте үлкен кәсіпорын, қарауында “Актюбстрой”, “Актюбжилстрой”, “Уральскпромстрой”, “Гурьевнефтехимстрой” сияқты ірі-ірі трестері бар. Олар Ақтөбе, Орал, Гурьев облыстарына орналасқан. Міне, осы алып кәсіпорынның барын бар деп, жоғын жоқ деп ашып көрсетумен бірге кемшілігі болса, себеп-салдарын да, жұмысты жолға қою жолдарын да белгілеп беруіміз керек. Қалай, қолыңнан келе ме?

— Қайдам, аға, бір түрлі жүрексініп отырмын, — дедім шынымды айтып.

— Қорықпа, фактілерді қалай алу керек екенін өзім түсіндірем, — деді Қабекең мейірлене күліп.

Не керек, сол жолы жоғарыда аты аталған облыстарда он күндеіі іссапарда болып, мол материал жинап қайттым.